

Буллингке жол жоқ!

Мектеп – білім мен тәрбиенің ордасы ғана емес, әр баланың өзін қауіпсіз әрі еркін сезінуі тиіс орта. Өкінішке қарай, қазіргі таңда кейбір оқушылар буллингке, яғни қорлау, мазақ ету, кемсіту сияқты жағымсыз әрекеттерге тап болып жатады. Мұндай жағдайлар баланың психологиялық көңіл күйіне кері әсер етіп, оның оқу үлгерімі мен өзіне деген сенімін төмендетеді.

Буллинг әртүрлі түрде көрінуі мүмкін. Ол сөзбен қорлау, әлеуметтік ортадан шеттету, күш көрсету немесе әлеуметтік желілер арқылы жасалатын кибербуллинг болуы ықтимал. Сондықтан әрбір оқушы өз әрекетіне жауапкершілікпен қарап, өзгелердің ар-намысы мен құқығын құрметтеуі қажет.

Буллингтің алдын алу – тек мұғалімдердің ғана емес, ата-аналардың, оқушылардың және бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Егер біреу қорлық көріп жүрсе, оған қолдау көрсетіп, мәселені мұғалімге немесе ата-анаға айту маңызды. Үндемей қалу мәселені шешпейді, керісінше оның ушығуына себеп болуы мүмкін.

Мектепте сыйластық, мейірімділік пен достық қарым-қатынас қалыптасқан кезде ғана әр бала өз қабілетін еркін дамыта алады. Бір-бірімізге қамқор болып, жылы сөз айтып, өзгелерді құрметтей білсек, мектеп шын мәнінде қауіпсіз әрі бақытты мекенге айналады. Буллингке қарсы тұру – жарқын болашаққа бастар маңызды қадам.